

Сайрам ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 мамырдағы № 526 "Жоғары оқу орындарының, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар практикасын ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 7 маусымдағы N 479 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 маусымда N 14-10-143 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 2 ақпандағы N 124 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2011.02.07 N 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2010 жылдың 31 наурыздағы № 259 "Өнірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансфертер мен нысаналы даму трансфертерін және республикалық ұйымдарға бөлінетін қарожатты пайдалану ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жоғары оқу орындарының, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар практикасын ұйымдастыру туралы" Сайрам ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 19 мамырдағы № 526 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-10-118 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 29 мамырында "Мәртебе" газетінің 21 нөмірінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1 тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) бітірушінің жастар практикасына қабылдау туралы немесе қабылдаудан бас тарту туралы (жолдама тиісті белгі қою арқылы себебін көрсете отырып) оларды уәкілетті орган жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ақпарат береді" ;

7-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Жастар тағылымдамасына қатысуышылардың ай сайын нақты жұмыс атқарған уақыты үшін жалақы ағымдағы нысаналы трансфертерден аударылатын орташа айлық аударымдар мөлшерін міндettі зейнетакы

жарналары мен жеке табыс салығын қоса алғанда, жұмысқа орналастырылатындардың жоспарлы саны мен қатысу мерзімін ескере отырып, Уәкілетті органмен төленеді. ";

8-тармақта "С.Сапарбаевқа" деген сөз "Ш.Халмурадовқа" деген сөзбен өзгертулсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.Халмурадовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

У.Қайназаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК